

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк комиссиясының төртінші мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 17 қыркүйек N 141-ө

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты, екі жақты сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі кеңейтуді және жандандыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Астана қаласында 2002 жылғы 23-24 қыркүйекте Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) төртінші мәжілісін өткізсін.

2. Қосымшаға сәйкес орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік

органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Комиссияның төртінші мәжілісін өткізу үшін қаражат бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 17 қыркүйектегі
N 141 өкіміне
қосымша

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-поляк комиссиясының төртінші мәжілісін дайындау және 2002 жылғы 23-24 қыркүйекте Астана қаласында өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с! Іс-шара ! Орындалу ! Орындалуына жауаптылар
 N ! ! мерзімі !

1	2	3	4
1	Делегацияның келу бағдар ламасын дайындау	2002 жылғы 18 қыркүйекке дейін	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
2	Комиссияның төртінші мәжілісінің күн тәртібі мен хаттамасының жобалары бойынша ұсыныстар беру, Комиссия мәжілісінің күн тәртібіне сәйкес Комиссияның қазақстандық бөлігі тең төрағасының, мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар өкілдерінің сөйлейтін сөздерін дайындау	2002 жылғы 18 қыркүйекке дейін	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім

бойынша), Қазақстан Респуб.
ликасының Мемлекеттік қызмет
істері жөніндегі агенттігі
(келісім бойынша), Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік
сатып алу жөніндегі агент.
тігі, Қазақстан Республика.
сының Кедендік бақылау
агенттігі, Қазақстан
Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігі,
Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі
агенттігі, Астана қаласының
әкімі, Қазақстан Республика.
сының Сауда-өнеркәсіп
палаталары одағы (келісім
бойынша), "ҚазТрансОйл"
жабық акционерлік қоғамы
(келісім бойынша),
"ҚазТранГаз" жабық акционер.
лік қоғамы (келісім
бойынша), "Қазтеңізкөлік.
флоты" ҰТКК" жабық акционер.
лік қоғамы (келісім бойынша)

3 Поляк делегациясына қызмет 2002 жылғы Қазақстан Республикасының
көрсетуді (Комиссияның 18 қыркүйекке Экономика және бюджеттік
қазақстандық бөлігінің дейін жоспарлау министрлігі
тең төрағасы атынан қабыл. (шақыру), Қазақстан
дау, кофе-брейк, кеңсе Республикасының Сыртқы
тауарлары) ұйымдастыру істер министрлігі
жөнінде ұсыныстар енгізу

4 Поляк делегациясы мүшелеріне 2002 жылғы Қазақстан Республикасының
көліктік қызмет көрсетуді 23-24 қыр. Экономика және бюджеттік
қамтамасыз ету күйек жоспарлау министрлігі

(шақыру), Қазақстан
Республикасының Сыртқы
істер министрлігі

5 Комиссияның төртінші мәжілі. 2002 жылғы Қазақстан Республикасының
сінің жұмысын баспасөзде 23-24 қыр. Сыртқы істер министрлігі,
жариялауды және Комиссия күйек Қазақстан Республикасының
мәжілісінің қорытындылары Экономика және бюджеттік
бойынша баспасөз конферен. жоспарлау министрлігі,
циясын өткізуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігі

6 Делегацияның әуежайдағы, 2002 жылғы Қазақстан Республикасының
жүру бағыты бойынша қауіп. 23-24 қыр. Ішкі істер министрлігі
сіздігін, барған орындарын. күйек
да, кеңесті өткізу барысында
және Комиссия жұмысы кезеңінде
қоғамдық тәртіпті қолдауды
қамтамасыз ету

7 Комиссияның поляк бөлігінің 2002 жылғы Қазақстан Республикасының
тең төрағасына естелік 18 қыркүйекке Экономика және бюджеттік
сыйлық және поляк делега. дейін жоспарлау министрлігі
циясының мүшелеріне кәдесый.
лар сатып алуды ұйымдастыру

8 Комиссияның төртінші мәжілі. 2002 жылғы Қазақстан Республикасының
сінің қорытындылары бойынша 10 қазанға Экономика және бюджеттік
Қазақстан Республикасының дейін жоспарлау министрлігі
Үкіметіне есеп беру (шақыру), Қазақстан
Республикасының Сыртқы
істер министрлігі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ